

» Сәті түскен сұхбат

Түркістан облыстық мәслихатының хатшысы қызметін атқарып, «Аманат» партиясының тізімімен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланған жерлесіміз Қайрат Рахымұлы БАЛАБИЕВ Үкімет алдында өзі туып-өскен өңірдің өзекті проблемаларын үнемі көтеріп келеді. Жуырда өңірімізге келіп, ауылдарды аралап, сайлаушыларымен жүздесіп қайтқан халық қалаулысына бірқатар сауал қойған едік.

Оңтүстікте жыл сайын 60 мың бала өмірге келеді

– Қайрат Рахымұлы, Сізді жұрт белсенді азамат, проблемаларды дер кезінде көтеріп жүрген халық қалаулысы ретінде жақсы таниды. Сайлауалды бағдарламаңызда қандай міндеттерді басты кредонызға айналдырдыңыз? Бағдарламаңыздағы пункттердің іске асырылып жатқандары бар ма?

– Менің сайлауалды бағдарламамда көтерілген мәселелердің барлығы да депутаттық сауалға сұранып тұрған мемлекеттік деңгейде шешілетін істер. Өткен жылға өкпе жоқ. Көптеген елдік проблемалар шешімін тапты. Көбісі қаржыға тірелетіндіктен, кейбір мәселелердің шешімін күте тұруға тура келеді. Атқарушы билік пен халық жергілікті жерде өздеріне қажетті мәселелерді жасырмай айтса, мүмкіндігінше Үкіметке жеткізуге тырысамыз. Ел мүддесі үшін жұмылу – мемлекеттік саясат. Қолдан келгенше қызмет етеміз.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты атанған күннен бастап Үкіметке жиырмадан аса депутаттық сауал жолдаппын. Оның 15-тейі жазбаша берілді. Парламент регламентіне сәйкес депутаттар ауызша және жазбаша түрде депутаттық сауалдар жолдай алады. Менің сауалдарымның барлығы дерлік республикалық бюджеттен қаржыландыруға тәуелді мәселелер бойынша қойылған еді. Түркістан дотациялық облыс болғандықтан, республикалық бюджет қолдауына мұқтаж. Сол себепті ірілі-ұсақты әлеуметтік, шаруашылық нысандардың құрылысына қаражат сұралды.

Түркістан облысында жыл сайын 60 мың бала өмірге келеді. Бұл – жаңа оқу жылында осынша оқушы мектеп табалдырығын аттайды деген сөз. Кей сыныптарда оқушы саны 40-тан асса, үш ауысымда оқитын және мектептер тағы бар. 15 аудан, 2 қаладағы 117 мектеп күрделі жөндеуді, апатты жағдайдағы 40 білім ұясы жанадан салуды талап етеді. Осыған байланысты Үкіметке депутаттық сауал жолдадым.

Нәтижесінде облыстағы мектептер мәселесін шешуге республикалық бюджеттен бірден 344 млрд. 600 млн. теңге бөлінді. Бұл – бұрын-соңды болмаған оқиға. 2024-2025 жылдары 63 білім ошағы пайдалануға беріледі. Ол мектептер Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес балалардың жан-жақты білім алуына қолайлы заманауи үлгіде салынуы тиіс. Президент Жолдауында «Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. Шұғыл шара қабылдмасақ, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді» деген болатын. Сөйтіп 2025 жылға дейін салынатын мектептер санын бір мыңға жеткізуді міндеттеді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Өңірлерді дамытудың Ұлттық жобасы» аясында тұрғындарды толықтай ауыз сумен қамтамасыз етуді міндеттеді. Өкінішке қарай, көптеген ауылдар әлі күнге дейін сусыз отыр. Сонымен қатар кейбір ауылдарда «көгілдір отынға» қол жеткізілмеген. Бұлар жөнінде не айтар едіңіз?

– Түркістан облысына қарасты 124 елді мекенде су тұрмақ, су құбыры мүлде жоқ, 109,7 мыңдай адам сапалы ауыз суға зәру. 124 ауылды ауыз сумен қамтамасыз етуді сұрап, Үкіметке сауал жолдадым. Нәтижесінде, 2023-2025 жылдары облыс бойынша 113 елді мекенге ауыз су жүйесі жүргізіліп, бұдан бөлек 204 ауылда өскірген су құбырлары жаңартылатын болды. Биыл 66 нысанның құрылысына 17 млрд. 400 млн. теңге бөлінді. Атап айтқанда қалаларға қарастырылған 3 млрд. 200 млн. теңгеге – 12, ауылдарға арналған 14 млрд. 200 млн. теңгеге 54 жобаның құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның 46-сы биыл, 20-сы келер жылы аяқталуы тиіс.

Арыс қаласын сумен жабдық-

таудың 11 жобасын және 3 ауылдық округті сумен жабдықтау бойынша 3 жобаны қаржыландыру бойынша да мәселе көтердім. Су ресурстары және ирригация министрлігі 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру барысында аталған 11 жобаны іске асыру үшін Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне 3,8 млрд. теңгеге бюджеттік өтінім ұсынылғанын айтты.

Мұнан бөлек, 30 мың халқы бар Шардара қаласы және осы аудан көлемінде тұратын 50 мың ауыл тұрғыны да таза ауыз суға мұқтаж. Тұрғындар осы кезге дейін сапалы таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ешқандай шаралар қолданылмағанына

наразылықтарын айтты. Қаладан 30 шақырым жердегі «Тама Тас-танбек» ауылында жер асты бассейні бар. Оның суы тұщы боп шықты. Соны халық пайдалану үшін Шардара ауданынан Шардара топтық су құбыры құрылысын жүргізу керек. Жоба іске асса, Шардара қаласы және 24 елді мекен тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі. Нысанның жобалық-сметалық құжаттамалары дайын, мемлекеттік сараптамадың оң қорытындысы алынған. Осыған қажетті 16 975, 526 млн. теңге бөлінсе, шардара-лықтар да таза су ішеді.

Халықты қолжетімді газбен қамтамасыз ету – Президент тапсырмасы. Былтыр елімізде 11,6 млн. абонент табиғи газға қол жеткізген. Бұл жалпы халықтың 59 пайызын құрайды. Ауыл-аймақты газдандыру жұмыстары 2015-2030 жылдар аралығында жүргізіледі. Түркістан облысында бүгінде 368 ауылдың адамдары үйлерін көмірмен жылытып отыр. Биыл 6 млрд. 900 млн. теңгеге 22 нысанның құрылысы жүргізілуі тиіс еді. Жалпы өңірді түгел газбен қамту үшін республикалық бюджеттен 75 млрд. 200 млн. теңге керек. Мен сайлауалды бағдарламаман бұрын, сайлаушылардың тікелей айтқан өтініштерін орындауға кірістім. Халықтың сұрайтыны мектеп, су, жол, аурухана, емхана салу, заңсыз карьерлерді жабу сияқты әлеуметтік мәселелер. Оның ішінде осы елді мекендерді газдандыру жұмыстары да бар. Арыста өткен кездесулерде тұрғындар Байырқұм, Жиделі ауылдық округтерін «көгілдір отынмен» қамтамасыз етуге атсалысуымды өтінді. Үкімет жалпы Түркістан облысы мен Арыс қаласына қарасты екі ауылдық округтің газ мәселесі іс-шаралар жоспарына сәйкес іске асырылатынын айтты. Толық қамтылу үшін облыстық әкімдік газдандыру жұмыстарын министрлікпен бірге пысықтауы тиіс. Биылға облыс бойынша мен сұраған 22 жобаны қаржыландыруға 6 млрд. 900 млн. теңге бөлінді. Биыл облыстағы 18 ауылға газ кіргізілуі керек.

Айыппұл мөлшерін төмендету керек

– Халықтың әлеуметтік жағдайына қатысты туындап отырған проблемалар аз емес. Әсіресе, баспана, жәрдемақы мөлшері, арнайы жеңілдіктер де Үкімет назарынан тыс қалмауы тиіс деп ойлаймыз.

– Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға тиіспіз» деп атап өтті. Еліміз бойынша 600 мыңнан аса

отандасымыз тұрғын үй кезегінде тұр. Әсіресе, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында баспанаға сұраныс өте жоғары. Үйсіз-күйсіз жүргендердің нақты саны белгісіз. Қалай болғанда да отбасы көбейген сайын ошақ қасы да керек болады. Қаншама бағдарлама іске қосылғанымен, пәтер жетпей жатыр. Бәрін үлкен мегаполистерге тірей бермей, ауылдарда да көп қабатты үйлер салып, өркениетке көшу керек деген пікірдемін. Ал, Қаратау тәжі саналатын Кентау бұрынғыдан да сәулетті әрі дәулетті қалаға айналуы тиіс. Келешекте ірі өндіріс орындары жұмыс істейтін болса, Кентаудың өз жұрты өзінде тұрақтайтын тұғыр керек болады.

2020-2025 жылдары аймақтарды дамытуға бағытталған «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасының аясында елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту, ауыл тұрғындарының әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету және жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру бойынша бірқатар міндеттерді шешу көзделген.

Отбасы мәселесі де Мемлекет басшысының назарынан тыс қалған емес. Халыққа жыл сайынғы Жолдауында Президент отбасы, демографиялық өсім, ана мен бала денсаулығын сақтау мәселелеріне ерекше мән беріп, Үкіметке түрлі тапсырмалар жүктеді. Мемлекеттің дамуы, халықтың әл-ауқатының артуы тікелей отбасыға байланысты. Жалғызбасты аналарды, олардың ішінде жас аналарды әлеуметтік қолдау – бұл әрбір мемлекеттің отбасылық саясатының бір тармағы болуы тиіс. Бүгінде Қазақстанда 837 мың толық емес отбасы бар, оның 758 мыңы – әйел адам және 79 мыңы – ер адам. Жалпы толық емес отбасылардағы адамдар саны – 2 млн. 601 мың. Елімізде екі миллионға жуық жетім бала бар, оның әрбір бесіншісі некесіз отбасыда өмірге келген. Толық емес, асыраушысынан айырылған отбасыларға мемлекеттен жәрдемақы беріледі, ал, жалғызбасты аналар мен өкелерге арнайы жеңілдіктер қарастырылмаған. Барлық аналарға 1,5 жасқа дейінгі бала күтіміне ай сайын мемлекеттік жәрдемақы төленеді және олардың көлемі өртүрлі. Жұмыссыз әйелге бір балаға ай сайын 19 872 теңге, ал, жұмысы бар ананың әлеуметтік төлем мөлшері соңғы 2 жылдағы орташа айлық кірісінің 40 пайызын құрайды. Қазақстандағы барлық әйелдер мен жалғызбасты ер адамдардың бала күтіміне байланысты төленетін жәрдемақы мерзімін 3 жылға дейін ұзартуды, олардың балаларына мемлекеттік балабақшадан орын алу үшін бірінші кезектегі жеңілдіктерді қарастыруды, сондай-ақ, жалпы әйелдердің зейнетке шығу жасын 55-ке дейін төмендетуді бір топ депутат боп сұрадық. Жалғызбасты аналар мен жалпы әйелдердің

жанайқайын жеткіздік. Алайда, министрлік тарапынан әлеуметтік жәрдемақылардың жалпыға бірдей беріліп, жағдай жасалып жатқаны жайында жауап қайтарылды.

– Сарыағаш пен Жетісай арасындағы жолдар тозып, қозғалыс қиындап кеткен. Халық қалаулылары бұл проблеманы ұмытып кеткен жоқ па?

– Мәжіліске депутат болып сайланғалы облыс бойынша маған шағымын айтатындар өте көп. Тіпті, олар округіне қарамаса да, шағымдарына құлақ аспасақ амалың қалмайды. Әсіресе, Жетісай, Мақтаарал, Сарыағаш, Келес, Қазығұрт, Сайрам, Бөйдібек аудандары мен Кентау қаласынан хабарласатындар баршылық. Ала жаздай Сарыағаш пен Жетісай арасындағы тасжол жыр болды. Расында да «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобаны біткен жерден бастап, Жетісайға жеткенше жолдың сапасы сын көтермейді. Бұл жолды республикалық маңызы бар трасса десе де болады. Себебі, Жетісай мен Сарыағаш арасынан сауда көруені күндіз-түні үзілмейді. Бір емес, бірнеше кеден бекеті бар. Жол азабын тартқан жолаушылар мен жүргізушілердің жанайқайын жоғары жеткіздім. Индустрия және даму министрлігінің мәліметінше, «Жызақ-Ғагарин–Жетісай–Киров–Қызылөскер–Сарыағаш–Абай–Жібек жолы» автожолын орташа жөндеуден өткізу биыл басталып, келер жылы аяқталады екен. Қозғалыс қарқындылығының өсуіне байланысты, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасында ұзындығы 102 шақырымды құрайтын (4 жолақты) «Қонысбаев өткізу пунктін» арқылы Өзбекстан Республикасына шыға отырып, Сарыағаш қаласын айналып өту жолын салу көзделген. Жоба республикалық маңызы бар мәселе болғандықтан халықаралық қаржы ұйымдарының қолдауымен жүзеге асырылады.

– Соңғы кездері жол қозғалысын бақылауға арналған бейнекамералардың айналасында да дау-дамай көбейіп кетті. «Сергек» бейнебақылау камералар жүйесі онсыз да күнін әрең көріп жүрген халықтың қалтасын қағып, елдің жаппай наразылығын туындатуда. Осыған қатысты не айтар едіңіз?

– Айыппұл мен салық айналасында дау мен шағым, наразылық өте көп. Реттейтін уақыт жетті деп есептейміз. Адамның және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау, олардың мүлтіксіз орындалуы «AMANAT» партиясының қадағалауында. Қазақстанда негізінен 19 029 «Сергек» бейнебақылау камерасы жұмыс істеп тұр. Биылдың өзінде ол ел бойынша 3 413 308 рет жол ережелерін бұзу фактілерін тіркеген. Олардың ең көп орнатылған жері – Астана және Алматы қалалары.

«Жол жүру ережесінің» талаптарына сәйкес стационарлық бей-

небақылау камералары және жылжымалы қондырғылардың алдында «Ескерту белгілері» болмағанда айыппұлды жарамсыз деп тануын, осы уақытқа дейін және кейін ескерту белгісі қойылмаған бейнебақылау камераларына түсіп қалғандарға салған айыппұлдарды төлеушілер тізімінен алып тастауын, айыппұл сомасын азайту мен айыппұл түрлерін қысқартуын сұрап сауал жолдауға тура келді. Өкінішке қарай, көпшіліктің осындай қалауы мен талап-тілегіне Үкімет әлі жауап берген жоқ. Біздіңше айыппұл мөлшерін төмендету керек.

Мені Президент тапсырмаларының жетер жеріне жетпей жататыны алаңдатады

– Сіз өзіңіз Парламент мінберінен мақта шаруашылығының өзекті мәселесін көтердіңіз. Жалпы отырыста еліміздің траншекаралық өзен-су проблемасын айттыңыз. Бұлардан қандай да бір нәтиже шығып жатыр ма?

– Түркістан облысы – мақтаның мекені. Өкінішке қарай, үлкен сұранысқа ие болған мақта алқаптары азайып барады. Оңтүстік өңірді көзге мақтасыз елестету мүмкін емес. Сондықтан «ақ алтынның» жойылып кетуіне жол бермеу керек. Қайта керісінше мақта кластерін құрып, өңдеу ісін жолға қою қажет. Мақташылар біресе судан, біресе бағадан қиналды. Өздеріне тиесілі гектарлық субсидиясын ала алмай Астанаға дейін ат терлетіп барып келді. Мақташылардың муңын Үкіметке жеткіздік. Біріншіден, отандық мақтаның сапасын жақсарту және оны жаһандық нарыққа шығару үшін республикалық бюджеттің есебінен элиталық жоғары дәрежелі шит сорттарын сатып алып, қолжетімді бағамен мақта өндіруші шаруаларды қамтамасыз етуді, заманауи озық технологияларды енгізу арқылы шитті мақтаның элиталық жоғары дәрежелі сорттарын өз елімізде шығару мәселесін шешуді, екіншіден, шаруалардың шығарған шығындарын ішінара өтеу мақсатында және көктемгі агротехникалық дала жұмыстарын толық көлемде жүргізіп, мақта дақылын өз уақытында өсіру үшін өндірушілерге күзде өткізілген өнімнің әр тоннасына субсидия беру жолдарын қарауды, үшіншіден, елімізде өндірілген мақтаны тұрақты өткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, ол өнімдерді өңдейтін және мата жасайтын тоқыма фабрикаларын салу мәселесін ұйымдастыруды сұрап депутаттық сауал жолдадым. Тоқыма өнеркәсібі арқылы әлемдік нарықты жаулап алған мемлекеттер баршылық. Өзімізде мақта өсіріп, жіп иіріп, мата тоқып, киім тіге алмау ұят. Бұған қатысты Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауабын алдық. Онда тоқыма кластерінің 2026 жылға дейін құрылатыны, бұл бағытта бірқатар жобалардың жүзеге асырылатыны айтылған. Түркістан облысы Шымкент қаласынан бөлінбей тұрғанда мақта кластері құрылып, бірқатар кәсіпорындар іске қосылған еді. Енді облыстың өз алдына еркін экономикалық аймағын құрып, мақта өсіру және өнім өндіру мәселесін мықтап қолға алу керек деп есептеймін. Өйткені, мақта алқаптары жалпы егістіктің 70 пайызын құрайды. 1 миллиондай адам осы шаруаның басы-қасында.

Ауыл шаруашылығымен айналысатындардың бір жыры – ағын су. Тоқсаныншы жылдары лотоктардың тоналып, каналдар мен су тораптарының қаруасыз қалғаны мәлім. Біреулер құдықты, біреулер скважинаны, ал, біреулер ауыл маңындағы көлдер мен тоғандарды да иеленіп алды. Ел ес жиып, мал мен егінмен айналыса бастаған соң, су проблема боп қалды. Енді сол бүлігнен

дүниенің бәрін бүтіндеу керек. Президент пәрменімен егістік алқаптарының аясы мен төрт түлік малдың өрісін кеңейту жұмыстары басталды. Түркістан облысында да су, канал, тоған проблемасы күн төртбінде тұр. Мемлекеттік деңгейде кешенді шаралар қабылданып жатыр. Ағын су мен каналдар бойынша сайлаушылардың сұранысын Үкіметке жеткіздім. Құзырлы министрліктің сауалға берген жауабына қарағанда бұл бағытта қыруар қаржы бөлініп, қауырт жұмыстар қолға алынып жатқан сияқты. Рас болса «ауылдарға ағын су неге жетпей жатыр?» деген заңды сұрақ туындайды. Мені Президент тапсырмаларының жетер жеріне жетпейтіні алаңдатады. Сонымен министрліктің мәліметінше Жетісай, Мақтаарал, Шардара аудандарындағы ағын судың тапшылығының негізгі себебі көптеген жылдар бойы мемлекетаралық «Достық» магистральды каналына жөндеу жүргізілмеген. Каналдың түбі құмға, қиыршық тастарға толып, қақпалары тозғандықтан орын алған. Күрделі жөндеуді талап ететін каналдың меншік иесі – Өзбекстан. Екіншіден, трансшекаралық объектілерден келетін су ағынының төмендеуінен Қырғызстандағы Тоқтағұл су қоймасынан бөлінетін судың азайып кететіні қиындық тудырады. Су тапшылығының тағы бір себебі – Тәжікстандағы Қайраққұм су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына жіберілетін су көлемінің күрт төмендеуіне де байланысты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында сырттан келетін судың азайып, бар судың 40 пайызының құмға сіңіп кетіп жатқанын айтты. Судың құмға сіңіп, елге жетпеуіне заңсыз жер қойнауын пайдаланушылар да кінәлі. Түркістан облысында 60 шақты өзен бар. Оның ең үлкені – Сырдария мен Арыс өзендері. Сырдария республикалық маңызы бар стратегиялық өзен екені белгілі. Алайда, оның маңыздылығына мән беріп, қауіптілігін ескермейтіндер жағасынан құм ұрлауын тоқтатар емес. Осы уақытқа дейін заңсыз қарьер қазушылар қанша ұсталып жатса да, облыс өзендеріне тыныштық жоқ. Жалпы, өзендердің жағасына жер қойнауын пайдаланушыларды жолатпау керек. Шардара, Арыс, Отырар, Сауран, Жетісай, Келес, Қазығұрт, Сайрам аудандарынан карьерлерге қатысты шағымданушылар өте көп. Заңсыздықтарға барғандар мен соларға жол беріп қарап отырғандарға қатаң шара көру керек. Табиғат қорғау полициясы, прокуратурасы, қала берді, эколог мамандар мемлекеттік маңызды нысандарға жанашырлық тануға міндетті. Бас прокурорға жер қойнауын заңсыз пайдаланып, Сырдария және өзге де өзендердің жағасын қазып жатқандарды тексеріп, тиісті шара көруді, сондай-ақ, туризмді дамыту мақсатында Бұғы тоғай мен Тұттыбулақ учаскелеріне жол салу, сол арқылы келетін туристердің санын көбейтуді, 2 шақырым қорғау аймағының аясын (буферный зона) екі есеге кеңейтуді, қарьер қазаға рұқсат беруді мүлдем алып тастап одан әрі қаталдатуы, Сырдария өзенінің суы мен жағалауын да облыстық әкімдіктің қарауына беруді ұсындым.

– Сайлаушылармен кездесіп жатсыз, кездесуде бұқара тарапынан қандай мәселелер қозғалды?

– Сайлаушылармен кездесу барысында ауылдарда мәдени, спорттық нысандар ашу ісін жандандыру мәселесі көтерілген еді. Барлық ауылдарда Мәдениет үйі, спорт кешені заманауи талапқа сай болса, жергілікті жұртшылықтың сұранысын қанағаттандыра еді. Сайлаушылардың осындай да аманатын тиісті министрліктерге депутаттық сауал етіп жолдадық. Туризм және спорт министрлігі ауылдар мен қалаларда клуб пен кітапхана және спорт кешендерін салу облыстық әкімдіктің міндетіне кіретінін хабарлады.

– Уақыт бөліп, биыл жүз жасқа толып отырған «Оңтүстік Қазақстан» газетінің оқырмандары үшін сұхбат бергеніңізге көп-көп рахмет! Жұмыстарыңыз жемісті болсын!

Сұхбаттасқан
Баян ДАРҒОЖИНА,
«Оңтүстік Қазақстан».